

12. Tölebaeva A.T., Aitimov M.K., Oralova G.S., Kamişeva G.A., Serdaly B.K. *Filosofialyq dünietanym jäne pedagogikalыq közqarastar: Aral-Syrdaria aqyn-jyraulary poeziasy. Volume 10, Proceedings of the 6th International Conference on Applied Linguistics Issues (ALI 2019) July 19-20, 2019, Saint Petersburg, Russia, Summer and Autumn 2019, Pages 256-274 // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196> (aғыl.)*

13. Kärbozuly B. *Süleiler mürasyndaғы arnaular // Bazar jyrau. Resaublikalyq ädebi, ğylymi-tanymdyq jurnal. – №2, 2019. – 32б.*

14. *Bazar Jyrau Oñdasülüly. Şyğarmalary. Öleñ-tolğaular, jyr-dastandar. –Astana: Foliant, 2018. -384 b.*

15. Kärbozuly B., İgenbaeva R. *Syr süleileri şyğarmalarynyñ ülttyq, tälim-tärbielik tağylymy: ğylymi-tanymdyq kitap. – Almaty: Arys, 2019. – 166б.*

16. Qūdaibergenova K.T. *Süleiler poeziasyndaғы simvoldyq beinelerdіñ qoldanylyu // Qazaq bilim akademiasynyñ baiandamalary. – №4. – 2020. – 371-380 bb.*

ӘОЖ 374.72

ҒТАМР 14.37.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.78.2.012>

Ж.У. Ахметов,¹ Ә.Б. Абдулаева,^{*1} Н.Ж. Жанатбекова

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан

ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРДЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қашықтықтан оқыту технологияларының дамуы мен цифрлық білім беру ресурстарының қолданылуы – сапалы білім алу мүмкіндігін арттырады. Цифрлық трансформация жоғары білім берудің маңызды аспектісі болып табылады. Білім беру цифровизациясының маңызды ерекшеліктерінің бірі жекелендірілген-нәтижелі білім беру процесіне ауысу болады. Көптеген ғалымдар жекелендірілген-нәтижелі білім беру процесінің негізгі бағыттарының бірі ретінде жаппай ашық онлайн курстарды пайдалануды анықтайды.

Мақалада зерттеу тақырыбы бойынша жазылған әдебиеттерге жүйелі талдау мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті оқытушыларының сауалнама нәтижелері негізінде жаппай ашық онлайн курстарды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған. Elibrary базасында іздеу кілт сөздер бойынша жүргізілді. Таңдау критерийлерінің негізінде талданатын мақалалар тізімі 15-ке дейін қысқартылды. Зерттеу мақсатына сәйкес таңдалған 15 мақала жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижелері заманауи цифрлық білім беру ортасын құру контекстінде жаппай ашық онлайн курстарды енгізу мәселелерін тереңірек зерттеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: жаппай ашық онлайн курстар, коннективизм, үздіксіз білім алу, білім беру, жоғары оқу орны.

Ахметов Ж.У.,¹ Абдулаева А.Б.,^{*1} Жанатбекова Н.Ж.¹
Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдықорған, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ МАССОВЫХ ОТКРЫТЫХ ОНЛАЙН КУРСОВ В ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

Развитие дистанционных образовательных технологий и использование цифровых образовательных ресурсов позволяют расширить доступ к качественному образованию. Важным аспектом модернизации высшего образования является цифровая трансформация. Одним из особенностей цифровизации образования является переход к персонализировано-результативному образовательному процессу. Многие ученые определяют одним из ключевых направлений персонализировано-результативного образовательного процесса – использование массовых открытых онлайн-курсов.

В статье рассмотрены преимущества и недостатки использования массовых открытых онлайн курсов, на основе систематического обзора литературы и результатов опроса преподавателей Жетысуского университета имени И.Жансугурова. Поиск в базе Elibrary проводился по ключевым словам. Были применены критерии включения и исключения, которые сократили список до 15 статей. Эти 15 статей были дополнительно проанализированы для достижения цели данного исследования. Результаты исследования могут быть использованы для более глубокого изучения вопросов внедрения массовых открытых онлайн курсов в контексте создания современной цифровой образовательной среды.

Ключевые слова: массовые открытые онлайн курсы, коннективизм, непрерывное обучение, образование, высшее учебное заведение.

Akhmetov Zh.,¹ Abdulayeva A.,^{1} Zhanatbekova N.¹
Zhetysu University named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan*

PROBLEMS OF USING MASS OPEN ONLINE COURSES IN EDUCATION

Abstract

The development of distance learning technologies and the use of digital educational resources make it possible to expand access to quality education. An important aspect of the modernization of higher education is digital transformation. One of the features of digitalization of education is the transition to a personalized and effective educational process. Many scientists identify one of the key areas of personalized and effective educational process - the use of mass open online courses.

The article discusses the advantages and disadvantages of using mass open online courses, based on a systematic review of the literature and the results of a survey of teachers of Zhetysu University named after I. Zhansugurov. The search in the Elibrary database was carried out by keywords. Inclusion and exclusion criteria were applied, which reduced the list to 15 articles. These 15 articles were further analyzed to achieve the purpose of this study. The results of the study can be used for a deeper study of the implementation of mass open online courses in the context of creating a modern digital educational environment.

Keywords: mass open online courses, connectivism, lifelong learning, education, higher education institution.

Кіріспе. Қазіргі қоғамдағы цифрлық трансформация адамның ақпараттық қаныққан ортада өмір сүру қабілетін қалыптастыру үшін тиімді шаралар қабылдау қажеттілігін талап етеді. Цифрлық технологиялар мен ғаламтор желісінің қолданылуымен байланысты білім беру жүйесінде де өзгерістер орын алуда.

Э.Тоффлердің пікірінше, "XXI ғасырда сауатсыз адамдар ретінде оқи және жаза алмайтындар емес, өздігінен білім алуға, қайта оқуға дайын еместер болады" [1]. Алайда, жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің жеткілікті деңгейінсіз тиімді ақпараттық қызмет мүмкін емес. Демек, дәстүрлі және заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып, жеке ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін білім алушылардың мақсатты танымдық қызметке деген ынталы қажеттілігін қалыптастыру маңызды.

Аталған мәселелердің өзектілігі көптеген құжаттарда көрініс тапқан. Мысалы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары оқу орындарының цифрлық экожүйесі бар "smart-университеттер" моделіне көшу қажеттілігі айқындалған. Білім беру процесінде ашық білім беру платформаларын (Open University, Coursera, Edx және т.б.) пайдалану міндеті қойылған [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың адам өміріндегі маңызы күннен-күнге артуда. Бұл қоғам дамуының логикасымен, цифрлық технологиялармен және қарым-қатынастың тілдік тұлға аралық және мәдениет аралық шекарасын кеңейту қажеттілігімен байланысты. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ақпараттық қоғам тұжырымдамасы дами бастады. Ақпараттық қоғамда ақпаратты жинау, сақтау, тарату және қолдану процестері қоғамның экономикалық, саяси және мәдени өмірінің даму деңгейін анықтайды [3-5].

Ғаламтор желісі қазіргі кезде адамдарға белгілі бір қызмет түрін ұсынып қана қоймайды, әрбір пассивті қолданушыны өзінің дамуына белсенді тартады.

XXI ғасырдың басында коннективизм теориясы ұсынылды. Коннективизм теориясы "цифрлық дәуірдегі" ақпаратқа қаныққан қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқыту процесін құруға бағытталған. Аталмыш теориядағы негізгі ұғымдар: хаос, желі, қиындық, өзіндік реттелу. Коннективизмнің негізгі принциптері:

- оқыту мен білім - пікірлердің әртүрлілігіне негізделеді;
- оқыту - ақпарат көздерін немесе арнайы түйіндерді қосу процесі;
- оқыту тек тірі ағзаларға ғана тән емес;
- білім алу қабілеті ағымдағы білімдерден маңыздырақ;
- үздіксіз білім алу үшін ескі байланыстарды үзбей жаңа байланыстарды туындату қажет;
- заттар, ойлар мен тұжырымдамалар арасындағы байланысты байқау білігі - негізгі білік болып табылады;
- коннективизм түсінігінде, оқыту процесінің мақсаты – нақты әрі өзекті білімдерді меңгеру;
- шешім қабылдау да оқыту болып табылады. Меңгеруге қажетті ақпаратты таңдау және бағалау өзгермелі шындық призмасы арқылы қабылданады. Қазіргі кездегі дұрыс деп қабылданған шешім, ақпараттың өзгеруіне байланысты ертеңгі күні қате болуы ықтимал [6].

Аталған принциптердің абстрактілігіне қарамастан, коннективизм теориясының үнемі қозғалыста болатын оқыту желілерін сипаттайтынын байқауға болады. Коннективизмнің бастапқы нүктесі – білімдері желіге қосылып, тасымалданып, өзектендіріліп қайтып келетін тұлға. Осы циклдың нәтижесінде тұлғалар қажетті саладағы нақты әрі өзекті білімдерге ие болады.

Коннективизм жақтаушылары білімнің желілер арқылы таралатынын, оқытудың мақсаты осындай желілерді құру және қолдану деп анықтайды [7].

Коннективизм идеяларының практикалық қолданысы ретінде жаппай ашық онлайн курстарды атауға болады (Massive Open Online Courses) [8]. Курсты әзірлеушілердің басты міндеті - ақпаратты құрылымдау және жеке тыңдаушы жай ғана орындайтын және өз ұпайларын алатын тапсырмаларды құрастыру ғана емес; барлық қатысушылар арасында байланыс орнату, осы саладағы білім алмасу желілерін құру, оларға жалпы шешімдерді әзірлеуді ұсыну болады. Қойылған міндеттер форумдарда, блогтарда, твиттерде, бейне дәрістерге түсініктемелерде, сыртқы ресурстар арқылы және т. б. шешіледі және талқыланады. Оқу барысында курстың әр қатысушысы өзіне маңызды болып көрінетін түйіндердің мекен-жайларын есте сақтау арқылы өзінің білім кеңістігін жасайды. Курс аяқталғаннан кейін бұл кеңістік жоғалып кетпейді, одан әрі дамиды. Осылайша, коннективистік курстың негізгі міндеті - қандай да бір білімді жеткізу немесе игеруге көмектесу емес, кез-келген кәсіби мәселені шешу үшін жеке виртуалды кеңістікті құру, түйіндерді қосу және жою арқылы сол кеңістікті басқаруға үйрету.

Әлемдегі көптеген атакты университеттер профессор-оқытушылар құрамының жаппай ашық онлайн курстарын ұсынады. Онлайн курстар оқыту процесінде қосымша материал ретінде, аралас (blended learning) оқыту кезінде немесе оқу пәнінің баламасы ретінде қолданылады. Жаппай ашық онлайн курстарды жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінде пайдаланудың негізгі артықшылықтары ретінде оқытушылардың теориялық материалдарды түсіндіруіне қажетті уақыттың қысқаруын, университет ұсынатын пәндердің санын арттыру мүмкіндігін, білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру мүмкіндігін атауға болады. Сондықтан, жаппай ашық онлайн курстарды академиялық ортаға енгізумен байланысты оқытушылардың көзқарастары мен ғылыми әдебиеттердегі жаппай ашық онлайн курстарды білім беруде қолданудың артықшылықтарын және кемшіліктерін зерттеу қажеттілігі қазіргі кезде өзекті.

Жоғары оқу орындарының жаппай ашық онлайн курстарды қолдануы оқыту сапасына кері әсер етуі мүмкін деген қауіп бар. Алайда осы тақырыпта жүргізілген зерттеу нәтижелері дәстүрлі, аралас және онлайн форматта пәнді меңгеру сапасының бірдей болатындығын көрсетті [9-10].

Зерттеу мақсаты: ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау негізінде жаппай ашық онлайн курстарды білім беруде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін, оқытушылар құрамының білім беру процесінде онлайн курстарды қолдануға деген көзқарасын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қойылған мақсатқа сәйкес келесі зерттеу әдістері қолданылды:

1. Жаппай ашық онлайн курстарды білім беруде қолдану мәселесі бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасау және жалпылау;

2. Сауалнама жүргізу;
3. Сауалнама нәтижесінде алынған деректерді өңдеу.

Зерттеу жұмысы әдебиеттерге жүйелі талдау негізінде білім беруде жаппай ашық онлайн курстарды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдауға бағытталған. Elibrary базасындағы іздеу жұмысы "жаппай ашық онлайн курс" кілт сөзі бойынша жүргізілді. Алғашында іздеу нәтижесінде 106 мақала таңдалды. Іріктеу критерийлерінің негізінде бұл тізім 88 мақалаға дейін қысқарды. Іріктелген 88 мақаланың мазмұндық талдауы нәтижесінде зерттеу мақсатына сәйкес 15 мақала таңдалды.

Әдебиеттерді жүйелеуде [11] зерттеуіндегі әдіс қолданылды.


Іріктеу нәтижелерінің зерттеу мақсатына сәйкес келетінін анықтау үшін мақала тақырыптары мен аннотациясында ұсынылған кілт сөздердің болуы тексерілді. Іздеу eLibrary.ru базасында толық мәтіні бар рецензияланатын мақалалармен шектелді.

Талдауға қажетті мақалаларды іріктеуде келесі критерийлер таңдалды:

- 2020-2022 жж. аралығында жарияланған зерттеулер;
- Ресейдің ғылыми дәйексөздер индексіне кіретін журналдардағы зерттеулер;
- ЖАОК-ды білім беруде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері талданатын зерттеулер.

Зерттеуге сәйкес келмейтін мақалаларды алып тастаудың критерийлері:

- Рецензияланатын журнал мақалалары мен конференция баяндамалары түрінде жарияланбаған зерттеулер;
- Толық мәтіні Ғаламтор желісінде қол жетімді емес зерттеулер.



Сурет 1. eLibrary.ru базасы бойынша іріктелген мақалалардың жариялану тарихы мен жиілігі

1-суретте іріктеу критерийлеріне сәйкес таңдалған мақалалардың жариялану тарихы мен жиілігі көрсетілген. Іріктеу критерийлеріне сәйкес келген мақалалардың жылдан-жылға азайғандығын байқауға болады. Жарияланымдар көлемінің азаюы зерттеу жұмысындағы таңдау шарттарымен байланысты болуы мүмкін. Алайда, eLibrary.ru базасынан іріктелген мақалалардың болуы жаппай ашық онлайн курстарды қолдану тақырыбын зерттеудегі ғалымдардың қызығушылығын және өзектілігін дәлелдейді.

онлайн курстардың қолданылуы білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашатындығымен келіссе, кейбіреулері онлайн курстардың оқыту сапасына кері әсер ететіндігін белгілеген. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан оқытушылар онлайн оқытудың оқу жүктемесінің азаюына ықпал етпейтіндігін, керісінше ақпараттық технологиялардың қолданылуы оқытушылар үшін қосымша жүктеме екендігін анықтаған.

Кесте 1

Сауалнама нәтижелері

Жауап нұсқалары	35 жасқа дейін, %	35-63 жас аралығы, %	63 жастан жоғары, %
Оқытушылардың онлайн курстарды дайындау дағдыларын бағалауы			
Төменгі деңгей	0	7	43
Орта деңгей	16	37	43
Жоғары деңгей	84	56	14
Білім беру ортасының цифровизациясы оқытушылардың ролі мен қызметтеріне әсер етеді			
Толығымен келісемін	44	33	29
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	40	53	43
Жауап беруге қиналамын	4	3	14
Келіспеймін	8	7	0
Толығымен келіспеймін	4	4	14
Онлайн курстардың қолданылуы оқыту сапасына кері әсер етеді			
Толығымен келісемін	20	20	29
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	24	40	43
Жауап беруге қиналамын	12	10	14
Келіспеймін	28	20	14
Толығымен келіспеймін	16	10	0
Онлайн курстардың көмегімен білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктері ашылады			
Толығымен келісемін	16	23	14
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	64	60	58
Жауап беруге қиналамын	12	7	14
Келіспеймін	8	7	14
Толығымен келіспеймін	0	3	0
Ақпараттық технологияларды қолдану оқытушылар үшін қосымша жүктеме болып табылады			
Толығымен келісемін	20	20	43
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	48	67	29
Жауап беруге қиналамын	8	3	14
Келіспеймін	24	7	14
Толығымен келіспеймін	0	3	0
Дәрістер мен семинарлардың онлайн форматқа ауысуына байланысты оқу жүктемесі азаяды			
Толығымен келісемін	4	0	0
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	20	13	14
Жауап беруге қиналамын	8	10	0
Келіспеймін	48	53	57
Толығымен келіспеймін	20	24	29
Онлайн форматқа көшу оқытушылар санының азаюына алып келеді			
Толығымен келісемін	4	7	0
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	24	23	14
Жауап беруге қиналамын	12	13	14
Келіспеймін	28	33	44
Толығымен келіспеймін	32	24	28
Ақпараттық коммуникациялық технологиялар оқытушылар мен білім алушылар арасындағы коммуникация мүмкіндігін арттырады			

Толығымен келісемін	24	27	14
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	56	60	43
Жауап беруге қиналамын	4	0	0
Келіспеймін	12	7	43
Толығымен келіспеймін	4	6	0
Онлайн форматқа ауысу арқылы білім алушылар санын арттыруға болады			
Толығымен келісемін	24	13	0
Келіспеймін дегенге қарағанда, келісемін	64	47	29
Жауап беруге қиналамын	8	10	14
Келіспеймін	4	23	43
Толығымен келіспеймін	0	7	14

Талқылау. Іріктелген мақалаларды талдау нәтижесінде білім беруде жаппай ашық онлайн курстарды қолданудың келесі артықшылықтары анықталды:

– жаппай ашық онлайн курстарды құрастыру болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді;

– барлығы үшін тегін және ашық;

– курсқа қатысушылардың саны шектелмейді;

– курстар тақырыбының әртүрлілігі;

– орналасқан жеріне қарамастан оқу материалдары білім алушыларға қолжетімді;

– әртүрлі цифрлық ресурстарды белсенді пайдалану мүмкіндігі;

– ұлттық және халықаралық деңгейде оқытушылар мен білім алушылар арасында идеялар мен білім алмасу, ынтымақтастық мүмкіндігі;

– аралас оқытуды жүзеге асыру мүмкіндігі;

– білім алудың икемді кестесін құру мүмкіндігі;

– қысқа әрі толық қамтылған теорияның берілуі;

– оқу материалдарының мультимедиялық сипаты;

– тапсырмалардың орындалуын өзара тексеру мүмкіндігі;

– геймификация;

– қатысушылардың жеке білім беру траекториясын жобалау мүмкіндігі;

– қазіргі жағдайда кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті өзекті білім мен дағдыларды меңгеру;

– қатысушылардың жеке дамуына көмектесу;

– белгілі бір елдің мәдениеті мен тарихын насихаттау мүмкіндігі, ғылыми жұмыстарына назар аудару мүмкіндігі;

– курсқа жазылудың және оқудың төмен кедергісі, яғни әркім кез-келген бағыт пен пән бойынша оқудан өте алады;

– оқу қызметін талдауға арналған деректер мен құралдардың болуы [12-19].

Талдау нәтижесінде жоғарыда келтірілген артықшылықтармен қатар төмендегідей кемшіліктер ерекшеленді:

– нақты қарым-қатынастың болмауы әңгімелер мен дәрістердің эмоционалды бояуын азайтады;

– сапалы әрі жоғары жылдамдықты интернеттің қажеттілігі, білім алушыны оқыту ресурстарына тұрақты қол жеткізу үшін техникалық жарақтандыру;

– курсты әзірлеуде үлкен еңбекқорлықтың қажеттілігі: оқу міндетін қоюмен, процесті басқарумен, тыңдаушыларды ынталандырумен байланысты қойылатын жоғары талаптарды орындау;

– білім алушылардың жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге, өзін-өзі ұйымдастыруға және тәртіпке дайындығының жоғары деңгейінің қажеттілігі;

– авторлық құқықты сақтау, курстарды лицензиялау проблемасы;

– мазмұнның шектелуі;

– тыңдаушылардың оқу жауапкершілігін өз мойнына алуға дайын еместігі;

– тәжірибеге бағытталған онлайн-курстар санының шектелгендігі;

– тыңдаушылардың қорытынды тапсырмаларын тексеру процедурасы, бұл әрдайым онлайн курстан өткеннен кейін алынған білім мен дағдылардың деңгейін анықтауға мүмкіндік бермейді;

– тыңдаушылардың аутентификациясын жасау күрделілігі;

– әзірлеушілердің бастапқы шығындарының үлкен көлемі [16-26].

Қорытынды. Зерттеу мақсатына сәйкес, ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау мен оқытушылар құрамының білім беру процесінде онлайн курстарды қолдануға деген көзқарасын анықтау негізінде жаппай ашық онлайн курстарды білім беруде қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Сауалнамаға қатысқан респонденттер жаппай ашық онлайн курстарды білім беруде қолданудың цифрлық ресурстарды белсенді пайдалану мүмкіндігі, оқу материалдарының мульти-медиялық сипаты, қатысушылардың жеке білім беру траекториясын жобалау мүмкіндігі сияқты артықшылықтарымен байланыстырды; сонымен қатар сауалнамаға қатысқандардың онлайн курстарды әзірлеумен байланысты кемшіліктерін ерекшелегені байқалады.

Мақала І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Jas ғалым» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру бойынша «DaVinci – Қашықтықтан оқытуға, онлайн курстарды, бейне сабақтарды жазуға және вебинарлар өткізуге арналған интерактивті бейне студия» тақырыбында орындалатын ғылыми жоба аясында дайындалған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Toffler A. *21st CENTURY LITERACIES: CHANGING THE PARADIGM IN EDUCATION* Ana MUNTEAN, Alecu Russo State University of Bălți //INTEGRAREA SPECIALISTULUI CU STUDII SUPERIOARE PE PIATA MUNCII: ASPECTE NAȚIONALE ȘI INTERNAȚIONALE. – 2012. – С. 156.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941#z873>).

3. Castells M. *Communication, power and counter-power in the network society* //International journal of communication. – 2007. – Т. 1. – №. 1. – С. 29.

4. Castells M. *Informationalism, networks, and the network society: a theoretical blueprint* //The network society: A cross-cultural perspective. – 2004. – С. 3-45.

5. Masuda Y. *The information society as post-industrial society.* – World Future Society, 1981.

6. Siemens G. *Learning development cycle: Bridging learning design and modern knowledge needs* //Elearnspace everything elearning. – 2005. – Т. 48. – №. 9. – С. 800-809.

7. Tobias C. R. et al. *Building blocks for peer success: lessons learned from a train-the-trainer program* //AIDS patient care and STDs. – 2012. – Т. 26. – №. 1. – С. 53-59.

8. McAuley A. et al. *The MOOC model for digital practice.* – 2010.

9. McPherson M. S., Bacow L. S. *Online higher education: Beyond the hype cycle* //Journal of Economic Perspectives. – 2015. – Т. 29. – №. 4. – С. 135-154.

10. Chingos M. M. et al. *Interactive online learning on campus: Comparing students' outcomes in hybrid and traditional courses in the university system of Maryland* //The Journal of Higher Education. – 2017. – Т. 88. – №. 2. – С. 210-233.

11. Siddaway A. *What is a systematic literature review and how do I do one* //University of Stirling. – 2014. – Т. 1. – №. 1. – С. 1-13.

12. Тараканова, Е. Н. Массовые открытые онлайн-курсы как ресурс смешанного обучения (на примере дисциплин гуманитарного профиля) / Е. Н. Тараканова // Самарский научный вестник. – 2021. – Т. 10. – № 3. – С. 294-298. – DOI 10.17816/snvt2021103317. – EDN DFBXJU.

13. Волобуева, Т. Б. Массовые открытые онлайн-курсы как форма повышения квалификации педагогов / Т. Б. Волобуева // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. – 2020. – № 4(45). – С. 16-22. – EDN TXWWWK.

14. Дмитрова, А. В. Массовые открытые онлайн-курсы по цифровой грамотности в контексте модернизации высшего образования / А. В. Дмитрова // Отечественная и зарубежная педагогика. – 2020. – Т. 2. – № 3(73). – С. 94-102. – EDN WLYYRG.

15. Цицикашвили, К. П. Массовые открытые онлайн курсы на базе национальных платформ / К. П. Цицикашвили, С. А. Кремень // Проблемы образования в условиях инновационного развития. – 2020. – № 1. – С. 169-172. – EDN FFGVSG.

16. Танделова, О. М. Онлайн - курсы в образовательном процессе / О. М. Танделова, Т. Г. Везиров // Инновационные технологии в образовании. – 2021. – № 1(6). – С. 142-153. – EDN JOGQHS.

17. Елубай, Е. Жаппай ашық онлайн курстары (моос) - болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту құралы / Е. Елубай, Ұ. М. Әбдіганбарова, Д. М. Джусубалиева // Вестник

Казахского национального университета. Серия Педагогические науки. – 2020. – Vol. 64. – No 3. – P. 50-58. – DOI 10.26577/JES.2020.v64.i3.05. – EDN KXHGNM.

18. Амбросенко, Н. Д. Цифровая образовательная среда университета: направления развития, опыт, проблемы и риски / Н. Д. Амбросенко // XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. – 2020. – Т. 9. – № 1(49). – С. 43-48. – EDN GIGUPQ.

19. Хорошилова, С. П. К вопросу об интеграции MOOK в образовательную программу магистратуры / С. П. Хорошилова // Актуальные проблемы филологии и методики преподавания иностранных языков. – 2020. – Т. 14. – С. 235-241. – EDN RUIKEI.

20. Краснов, С. В. Смешанное обучение в эпоху цифровой трансформации / С. В. Краснов, С. В. Калмыкова, С. А. Краснова // Проблемы современного образования. – 2020. – № 1. – С. 89-101. – DOI 10.31862/2218-8711-2020-1-89-101. – EDN OPHFQC.

21. Атик, А. А. Перспективы массовых открытых онлайн-курсов как нового формата образовательной деятельности / А. А. Атик // Гуманитарные исследования. Педагогика и психология. – 2022. – № 10. – С. 18-24. – DOI 10.24412/2712-827X-2022-10-18-24. – EDN DWRDOS.

22. Танделова, О. М. Онлайн - курсы в образовательном процессе / О. М. Танделова, Т. Г. Везиров // Инновационные технологии в образовании. – 2021. – № 1(6). – С. 142-153. – EDN JOGQHS.

23. Babushkina, L. E. Digital tools in foreign languages training in order to student's polylingual personality formation / L. E. Babushkina, S. Merzouk, T. I. Shukshina // The Humanities and Education. – 2021. – Vol. 12. – No 3(47). – P. 126-132. – DOI 10.51609/2079-3499_2021_12_03_126. – EDN VXTPMH.

24. Молчанская, О. Я. Использование массовых открытых онлайн-курсов для обучения иностранному языку в вузе: проблемы и решения / О. Я. Молчанская // Заметки ученого. – 2021. – № 13. – С. 164-166. – EDN QFIGMV.

25. Гончарук, Н. П. Интеллектуализация профессионально-педагогической деятельности на основе интеграции педагогических и цифровых технологий / Н. П. Гончарук, Е. И. Хромова // Педагогика и психология образования. – 2020. – № 2. – С. 83-92. – DOI 10.31862/2500-297X-2020-2-83-92. – EDN YNOOCY.

26. Шилко, Р. С. Проблемы саморегуляции учебной деятельности в массовых открытых онлайн курсах / Р. С. Шилко, С. Ю. Егоров, Ю. П. Зинченко // Герценовские чтения: психологические исследования в образовании. – 2020. – № 3. – С. 632-639. – DOI 10.33910/herzenpsyconf-2020-3-104. – EDN XUFNAI.

References:

1. Toffler A. 21st CENTURY LITERACIES: CHANGING THE PARADIGM IN EDUCATION Ana MUNTEAN, Alecu Russo State University of Bălți //INTEGRAREA SPECIALISTULUI CU STUDII SUPERIOARE PE PIAȚA MUNCII: ASPECTE NAȚIONALE ȘI INTERNAȚIONALE. – 2012. – p. 156.

2. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2022 No. 941 on approval of the Concept of Education Development of the Republic of Kazakhstan for 2022-2026 (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941#z873>).

3. Castells M. Communication, power and counter-power in the network society //International journal of communication. – 2007. – Т. 1. – №. 1. – p. 29.

4. Castells M. Informationalism, networks, and the network society: a theoretical blueprint //The network society: A cross-cultural perspective. – 2004. – p. 3-45.

5. Masuda Y. The information society as post-industrial society. – World Future Society, 1981.

6. Siemens G. Learning development cycle: Bridging learning design and modern knowledge needs //Elearnspace everything elearning. – 2005. – Т. 48. – №. 9. – p. 800-809.

7. Tobias C. R. et al. Building blocks for peer success: lessons learned from a train-the-trainer program //AIDS patient care and STDs. – 2012. – Т. 26. – №. 1. – p. 53-59.

8. McAuley A. et al. The MOOC model for digital practice. – 2010.

9. McPherson M. S., Bacow L. S. Online higher education: Beyond the hype cycle //Journal of Economic Perspectives. – 2015. – Т. 29. – №. 4. – p. 135-154.

10. Chingos M. M. et al. Interactive online learning on campus: Comparing students' outcomes in hybrid and traditional courses in the university system of Maryland //The Journal of Higher Education. – 2017. – Т. 88. – №. 2. – p. 210-233.

11. Siddaway A. What is a systematic literature review and how do I do one //University of Stirling. – 2014. – Т. 1. – №. 1. – p. 1-13.

12. Tarakanova E.N. Massovye otkrytye onlain kursy kak resurs smeshannogo obucheniya (na primere disciplin gumanitarnogo profilya) [Mass open online courses as a mixed learning resource (using the example of humanities disciplines)] / E.N. Tarakanova // Samara Scientific Bulletin. – 2021. – T. 10. – № 3. – p. 294-298. – DOI 10.17816/sn2021103317. – EDN DFBXJU.

13. Volobueva T.B. Massovye otkrytye onlain kursy kak forma povysheniya kvalifikacii pedagogov [Mass open online courses as a form of professional development of teachers] / T.B.Volobueva // Scientific support of the personnel development system. – 2020. – № 4(45). – p. 16-22. – EDN TXWWWK.

14. Dmitrova A.B. Massovye otkrytye onlain kursy po cifrovoi gramotnosti v kontekste modernizacii vysshego obrazovaniya [Massive open online courses on digital literacy in the context of modernization of higher education] / A.B.Dmitrova // Domestic and foreign pedagogy. – 2020. – T. 2. – № 3(73). – p. 94-102. – EDN WLYYRG.

15. Cicikashvili K.P. Massovye otkrytye onlain kursy na baze nacionalnykh platform [Massive open online courses based on national platforms] / K.P.Cicikashvili, S.A.Kremen // Problems of education in the conditions of innovative development. – 2020. – № 1. – p. 169-172. – EDN FFGVSG.

16. Tandelova O.M. Onlain kursy v obrazovatel'nom processe [Online courses in the educational process] / O.M.Tandelova, T.G.Vezirov // Innovative technologies in education. – 2021. – № 1(6). – p. 142-153. – EDN JOGQHS.

17. Elubai E. Zhappai ashyk onlain kurstary (moocs) - bolashak pedagogtardyn cifrlyk kuzyrettiligin damyту kuraly [Mass Open Online Courses (moocs) - a tool for developing the digital competence of future teachers] / E. Elubai, U.M.Abdigapparova, D.MDzhusubaliyeva // Bulletin of the Kazakh National University. Pedagogical Sciences Series. – 2020. – Vol. 64. – No 3. – P. 50-58. – DOI 10.26577/JES.2020.v64.i3.05. – EDN KXHGNM.

18. Ambrosenko N.D. Cifrovaiya obrazovatel'naiya sreda universiteta: napravleniya razvitiya, opyt, problemy i riski [Digital educational environment of the University: directions of development, experience, problems and risks] / N.D. Ambrosenko // XXI century: the results of the past and the problems of the present plus. – 2020. – T. 9. – № 1(49). – p. 43-48. – EDN GIGUPQ.

19. Horoshilova S.P. K voprosu ob integracii MOOK v obrazovatel'nuyu programmu magistratury [On the issue of the integration of MOOCs into the educational program of the Master's degree] / S.P. Horoshilova // Actual problems of philology and methods of teaching foreign languages. – 2020. – T. 14. – p. 235-241. – EDN RUIKEI.

20. Krasnov S.V. Smeshannoe obuchenie v epohu cifrovoi transformacii [Blended learning in the era of Digital Transformation] / S.V.Krasnov, S.V.Kalmykov, S.A.Krasnova // Problems of modern education. – 2020. – № 1. – p. 89-101. – DOI 10.31862/2218-8711-2020-1-89-101. – EDN OPHFQC.

21. Atik A.A. Perspektivy massovykh otkrytykh onlain kursov kak novogo formata obrazovatel'noi deiyatelnosti [Prospects of mass open online courses as a new format of educational activity] / A. A. Atik // Humanitarian studies. Pedagogy and psychology. – 2022. – № 10. – p. 18-24. – DOI 10.24412/2712-827X-2022-10-18-24. – EDN DWRDOS.

22. Tandelova O. M. Onlain kursy v obrazovatel'nom processe [Online courses in the educational process] / O. M. Tandelova, T. G. Vezirov // Innovative technologies in education. – 2021. – № 1(6). – p. 142-153. – EDN JOGQHS.

23. Babushkina, L. E. Digital tools in foreign languages training in order to student's polylingual personality formation / L. E. Babushkina, S. Merzouk, T. I. Shukshina // The Humanities and Education. – 2021. – Vol. 12. – No 3(47). – P. 126-132. – DOI 10.51609/2079-3499_2021_12_03_126. – EDN VXTPMH.

24. Molchanskaiya O. I. Ispolzovanie massovykh otkrytykh onlain kursov dliya obucheniya inostrannomu iyazyku v vuze: problemy i resheniya [The use of mass open online courses for teaching a foreign language at a university: problems and solutions] / O. I. Molchanskaiya // Scientist 's notes. – 2021. – № 13. – p. 164-166. – EDN QFIGMV.

25. Goncharuk N.P. Intel'ktualizaciya professionalno-pedagogicheskoi deiyatelnosti na osnove integracii pedagogicheskikh i cifrovyykh tekhnologii [Intellectualization of professional and pedagogical activity based on the integration of pedagogical and digital technologies] / N.P.Goncharuk, E.I. Hromova // Pedagogy and psychology of education. – 2020. – № 2. – p. 83-92. – DOI 10.31862/2500-297X-2020-2-83-92. – EDN YNOOCY.

26. Shilko R.S. Problemy samoregulyatsii uchebnoi deiyatelnosti v massovykh otkrytykh onlain kursah [Problems of self-regulation of educational activity in mass open online courses] / R.S.Shilko, S.I.Egorov, I.P.Zinchenko // Herzen Readings: Psychological research in Education. – 2020. – № 3. – p. 632-639. – DOI 10.33910/herzenpsyconf-2020-3-104. – EDN XUFNAI.